

## Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің мемлекеттік тапсырмасының құнын белгілеу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2025 жылғы 11 маусымдағы № 233-н/қ бүйрығы

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 16-бабы 4-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің мемлекеттік тапсырмасының құнын белгілеу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Бюджет және қаржылық рәсімдер департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бүйрық қабылданған күнінен бастап бес жұмыс күн ішінде оның көшірмесін электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялауды және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бүйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бүйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрі

E. Аккенженов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрлігі

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрлігінің  
2025 жылғы 11 маусымдағы  
№ 233-н/қ бүйрығымен  
бекітілген

Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің мемлекеттік тапсырмасының құнын белгілеу қағидалары

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің мемлекеттік тапсырмасының құнын белгілеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 16-бабы 4-тармағына сәйкес өзірленді және Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің мемлекеттік тапсырмасының құнын белгілеу тәртібін айқындайды.

2. Мемлекеттік тапсырмалардың, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің және мемлекеттік тапсырмаларды орындауға жауапты заңды тұлғалардың тізбесі Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 93-бабына сәйкес бекітіледі.

3. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) мемлекеттік тапсырма – жарғылық капиталына мемлекет қатысатын квазимемлекеттік сектор субъектілеріне және Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын өзге де заңды тұлғаларға жекелеген мемлекеттік қызметтер көрсетуге және басқа да міндеттерді орындауға тапсырыс беру.

2) мемлекеттік тапсырманы орындаушы – Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің мемлекеттік тапсырмасын республикалық бюджет қаражаты есебінен орындаитын, жарғылық капиталына мемлекет қатысатын заңды тұлға.

## **2-тaraу. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің көмірсутектерге қатысты қазақстандық кадрлар мен өндірушілерді қолдау саласындағы мемлекеттік тапсырмасының құнын белгілеу тәртібі**

4. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің көмірсутектерге қатысты қазақстандық кадрлар мен өндірушілерді қолдау саласындағы мемлекеттік тапсырмасының құны мынадай шығыстармен белгіленеді:

1) мемлекеттік тапсырманы орындашының штат кестесімен бекітілген, мемлекеттік тапсырманы тікелей жүзеге асыратын жұмыскерлерге еңбекақы төлеу (лауазымдық жалақы; зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайлары, ауыр еңбек жағдайлары үшін қосымша ақылар, сыныптылығы үшін жүргізушилерге үстемеақылар, экологиялық төлемдер, үстеме жұмыс уақытында, демалыс және (немесе) мереке күндері, түнгі уақытта, бос болған кезеңде жұмыс істегені үшін ақы төлеу, Қазақстан Республикасының Еңбек және өзге де заңнамасында көзделген өтемақы төлемдері, сондай-ақ ұжымдық шарттың талаптарында және (немесе) жұмыс берушінің актілерінде айқындалған);

2) ел ішіндегі іссапар шығыстары;

3) орындаушыда офицік үй-жай болмаған жағдайда офицік үй-жайды жалға алу шығыстары;

4) басқа да шығыстар (аударма қызметтерін, мемлекеттік сатып алу веб-порталын пайдалану (оған қол жеткізу) бойынша көрсетілетін қызметтерге арналған шығыстар);

5) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар, әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына аударымдар, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына жұмыс берушінің міндепті зейнетақы жарналары;

6) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндепті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндепті төлемдер, оның ішінде әлеуметтік салық, қосылған құн салығы;

7) мемлекеттік тапсырманы орындауға тиісті коммуналдық қызметтердің үлесі.

5. Шығыстар құжаттармен (есептеулермен, кемінде үш баға (коммерциялық) ұсыныстарымен не шарттармен) негізделеді және расталады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК